2) *Гректік геометрия* – б.з.д. VI ғасырда гректер египеттіктердің геометриясымен танысып, оны бірнеше жүздеген жылдар бойы ете жоғары сатыға көтеріп, дамытты. Гректер практикалық геометриядан теориялық геометрияға бірте-бірте көше бастады. Көптеген геометриялық деректер анықталып, Евклидтің «Бастамалары» атты еңбегі дүниеге келді. Бұл еңбектің маңыздылығы сонша ол екі мың жыл бойы геометрияның дамуына ықпал етті және оны геометрияның оку куралы ретінде бүкіл өлем қолданды.

3) *Қазіргі геометрия* – геометрия дамуында аксиоматикалық әдістәсілдердің пайда болуымен байланысты. Геометрия дедуктивтік ғылым ретінде б.з.д VII–III ғасырларда дами бастады. Алғашқы рет геометрияда теоремалар ендіріліп, оларды қатаң ой-түсініктігі жағынан негіздеме жасау арқылы дәлелдеулерді үйреніп, геометрия пәннің негізі қаланды. Біздің заманымызға дейін жеткен геометрияның алғашқы окулығын Евклид жазып қалдырыды

(б.з.д. III ғ.). «Бастамалар» еңбегінде Евклид геометрияны аксиомалар жүйесі арқылы негізделген. Сондыктан XX ғасырға дейін Евклидтің «Бастамалары» бірден бір логикалық құрылымы қатан, түсінікті негізделген оқулық ретінде қолданылып келді [1].

Кеңестік мектепте геометрияны оқытудың үлкен тәжірибесі қалыптасты. Мысалы, Н. А. Глаголевтің редакциясымен шықкан педагог-математик А. П. Киселевтің геометрия оқулығы ондаған жылдар бойы геометрияны баяндаудың қатандығы мен нақтылығына және оқушылар үшін түсінікті болуына үлгі болып кала береді [2].

ХХ ғасырдың басындағы көптеген ғалымдар мен педагог-математиктер (А. П. Киселев, А. Д. Александров, Л. С. Атанасян, А. В. Погорелова, Н. М. Бескин, В. А. Гусев және т.б.) геометрияның мектеп пен ЖКОО-ның оқу пәні ретінде қалыптасуына маңызды үлес қосты. Олардың геометрияны оқытудағы идеялары мен көзқарастары бүгінгі күнге дейін өзекті болып табылады.

Н. М. Бескин геометрияны оқытудың арнайы үш мақсатын бөліп көрсетеді: геометриялық мәліметтерді хабарлау, логикалық дамыту және кеңістіктік ойлауды дамыту [3].

Геометриялық мәліметтерді хабарлау, біріншіден, көптеген кәсіптердің қызметкерлеріне тікелей қажет. Екіншіден, олар физика, география сиякты басқа да пәндерді оқу кезінде қажет. Шіншіден, жоғары мектепте оқыған кезде геометриялық мәліметтер маңызды.

Логикалық дамыту мектепте негізінен геометрия курсына жүктеледі. Геометрия курсын оқытуда логикалық әдістерді қолдану жүзеге асырылады. Егер оқушы тек қана талсырмаларды шешу дағдыларын менгерсе және оқулықта келтірілген теоремалардың дәлелдемелерін есте сактаса, онда ол геометрияны оқыту мақсатына әлі қол жеткізген жоқ. Н. М. Бескиннің пікірінше математиканы барлық сатыда оқытудың негізгі ережесі – ғылыми деңгейді төмendetпеу, принципті мәселелерді айналып өтпеу, керінше, оларды атап көрсету.

Геометрия пәнін оқу кезінде оқушы барлық сызбаны бірден қамтып (алдымен қарапайым, содан кейін қүрделі) және оны салу кезінде қажетті болатын сызба элементтері арасындағы қатынастарды түсінуге қол жеткізу қажет. Әсіреле есепті шешу үшін сызбада қосымша салуарды жасауға тұра келетін жағдайлар пайдалы. Геометриялық тұжырымдарды жасау барысында тақтада немесе қағазда сызбаларды жасамай тұрып, оны ойда ұсынатын жаттығулар ете пайдалы. Салу есептерін шешу кеңістіктік елестің дамуына ықпал етеді.

В. М. Брадис өзінің енбектерінде геометрияны оқытудың негізгі мақсаты – осы ғылымның негіздерін менгеру деп атап көрсетеді [4]. Автор бұл ретте

геометрияны осы ғылымның дамуының үш тарихи сатысына сәйкес оқу керек дейді:

а) жекелеген фактілерді жинақтау және олардың арасындағы байланыстарды орнатудың алғашкы әрекеттері; мұнда геометрия көбінесе эксперименталды сипатта ие;

ә) Евклид геометриясы: геометрияның эксперименталды базасы айтарлықтай тарылады; салу мен өлшеудің орына бірінші қатарға логикалық ойлау үсініледі;

б) Евклидтік емес геометрия: Евклидтік геометриямен қатар басқалардың да пайда болуы, олардың әрқайсысында аксиомалар саны минимумға дейін жеткізіледі.

С. Е. Ляпин мен С. А. Гастеваның «Математиканы оқыту әдістемесі» оқу күралында геометриялық ұғымдар арасындағы ішкі логикалық байланыстарды анықтауға назар аударуды қүштейту, окушыларды геометрияның логикалық құрылымымен, негізгі ұғымдардың рөлімен, анықтамалармен, аксиомамен, теоремалармен және олардың жаңа ұғымдарды енгізу кезіндегі рөлімен таныстыру қажет екенине көніл бөледі [5].

Академик А. Д. Александров геометрияны оқыту мақсаты туралы айта келіп, жалпы басқа ғылымдардың арасында геометрияны бөліп тұратын ерекшелігі – мұнда тұжырымының логикалық қатаңдығы көрнекілікпен, елестете білүмен біріктіріледі деген [6].

И. Ф. Шарыгин геометрияны оқыту мәселелерін зерттей келе, геометрия адамның практикалық қажеттілігінен ғана емес, рухани қажеттілігіне де пайдалы, адам мектепте геометрияны оқымаса мәдени және рухани дами алмайды деді [7].

Геометрияның мектептегі математикалық білім беруде маңыздылығы жоғары, ейткені геометриялық білім окушылардың кеңістіктік елестету қабілеттерін қалыптастырып, дамытумен қатар, олардың логикалық ойлау қабілеттерін де дамытады [8].

Дегенмен, соңғы 30 жыл ішінде окушылардың геометрияны окуға деген қызығушылығының және геометрияны оқыту тиімділігінің төмендеп кеткені байқалады. Оның себептері әрине көп, бірақ ең негізгілері – геометрияны оқытуға мектепте сағат санының аз болінуі; ҰБТ (ЕНТ) тапсырмаларында геометриялық есептердің өте аз болуы (жоқтың қасы десе де болады); мектепте геометрияны оқыту процесінің нәтижелілігінің өте төмен болуы; геометрия мазмұнын жетілдіру мәселесінің әр уақытта күн тәртібінен түспеуіне байланысты оны шешу қарқынының төмендігі болып табылады.

Қандай оқулық жазылmasын, қандай әдістемелік нұсқаулар берілмесін бәрінде де геометрияны оқытудағы негізгі мақсат – окушылардың ойлау

дағдыларын дамыту. Геометрияны дамыту бір ғана мақсатта, бір ғана бағытта оқыту окушының да, мұғалімнің де барлық күш-жігері мен уақытын алады. Сондықтан да соңғы жылдарды орта білім беру мазмұнын, оның ішінде геометриялық білім берудің мазмұны мен әдістемесін жаңарту мәселесі жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта Қазакстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу жұмыстары (2016 ж.– 1 сыйып, 2017 ж.– 2, 5, 7 сыйыптар, 2018 ж.– 3, 6, 8 сыйыптар, 2019 ж.– 4, 9, 10 сыйыптар) жүргізілуде [9]. Жаңартылған мазмұндағы мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандарттары, оку бағдарламалары окушылардың функционалдық сауаттылығының бүрүншімен салыстырғанда жоғары деңгейін қалыптастыруды және дамытуды көздейді. Окушылар математикалық білім, білік, дағдыларды менгеріп қана қоймай, олардың жеке тұлға ретінде одан әрі дамуына қажетті құзыреттіліктер жүйесін игеретін болады. Мектеп бітіруші түлектер геометриялық есептерді шығарып, теоремаларды дәлелдей білүмен қатар, алған білімдерін практикада және құнделікті өмірде колдана білуі тиіс [10].

Жаңартылған білім мазмұндағы геометриялық білім берудің негізгі міндеті – отандық мектептердегі геометриялық білім беруге сүйене отырып, геометрияны оқытуды заманауи және қызықты тұрде, окушылардың жеке қабілеттері мен икемділіктеріне сәйкес әрбір Оқушының математикалық мәдениетін қалыптастыруға, интелектуалдығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, математиканың қазіргі замандағы алатын орны мен рөлі туралы түсінігін қалыптастыруға бағыттап ұйымдастыру болып табылады.

«Геометрия» оқу пәнінің 2013 жылғы қолданыстағы және 2017 жылғы жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларының білім мазмұнын салыстырмалы талдаулар жасау негізінде жаңартылған білім мазмұнда түбекейлі өзгерістер болмаса да, толықтырулар енгізілгені анықталды.

Атап айтсақ, бастауыш білім беру деңгейінің оқу бағдарламасында негізгі және жоғары сыйыптарда геометрияны табысты менгерудің алғышарты ретінде «Геометриялық фигурандар» бөлімшесін кеңінен қарастырылған [11].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7–9-сыйыптарда «Геометрия» пәнін оқытуда пәннің практикалық бағыттылығы қүштейтілген.

Стереометрия элементтері толығымен жоғары сыйып геометрия курсына ауыстырылған [12].

Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10–11-сыйыптарға арналған оқу бағдарламасының білім мазмұнында 10-сыйыпта

«Кеңістікте тұзудің тендеуі» тақырыбымен, 11-сыныпта «Кеңістікте тұзу мен жазықтық тендеулерінің колданылуы» тарауымен толықтырылған [13].

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10–11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының білім мазмұнында 10-сыныпта «Сфера тендеуі» тақырыбымен толықтырылған [14].

Геометриялық білім беру мазмұны мынадай бөлімшелерден тұрады: геометриялық фигуralар туралы түсінік; геометриялық фигуralардың өзарасы; метрикалық қатыстар; векторлар және түрлендірулер.

Бұл бөлімшелерден күтілетін нәтижелер (біліктегі немесе дағдылар, білім немесе түсініктер) түрінде берілген сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтиды. Эр білім ішінде тізбектеліп жазылған оқу мақсаттары мұғалімге өз жұмысын жоспарлап, окушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік жасайды.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендегі, мектептегі геометриялық білім беру мазмұны мынадай бағыттарда жүзеге асырылуы керек:

1 Логикалық – адамның интеллектуалдық активтілігін, ойлау белсенділігін арттыруға бағытталған.

2 Танымдық – геометрия арқылы окушы өзін қоршаған әлемді, оның сандық қатынастарын танып білуге бағытталған.

3 Колданбалық – игерген білімін адамның түрлі көсіби қызметінде, өмірлік жағдаяттарда пайдалануға, үздіксіз білім алу мен өз білімін көтеру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

4 Тарихи – геометрияның даму тарихын оқыту тек математиканың фана емес жалпы адамзат мәдениетін танып білуге бағытталған.

5 Философиялық – геометрия өзіміз өмір сүріп отырған дүниені әлемді ойлай білуге, адамның бойында нақты қоршаған кеңістік туралы ғылыми түсініктерді қалыптастыруға бағытталған [15].

Оқушы геометрия пәнін оқып-үйренуде, геометриялық білімін қалыптастыру мен дамыту процесінде оның барлық кезеңдерін ретімен жүйелі түрде менгеруі тиіс. Сонда фана адам баласының көп ғасырлық тарихи тәжірибесінен туындаған білімді толық менгеруге болады. Ал геометриялық білім беруде бұл реттілік сақталмаса, яғни білім берудің бастапқы басқышында – ак окушылардың санасында жоғарғы ғылымның түсініктерін қалыптастыруға үмтүлу бекершілік.

Сонымен, мектептегі геометриялық білім беру мазмұнын өзара байланысты 3-4 геометрия кезеңдерінің біргүйнен құралған біртұтас пән ретінде қарастырып, даму кезеңдеріне тоқталып көрейік.

*Бірінші кезең – «Көрнекі геометрия»* бастауыш сыныптарда математика курсында оқылады. Оның негізгі мақсаты – окушылардың жазықтықтағы

және кеңістікте геометриялық фигуralар туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, геометриялық фигуralарды бейнелей білу біліктегі мен дағдыларын ашу. Бұл кезеңдегі оқу іскерліктерінің түрі: картоннан, қағаздан, пластилиннен екі өлшемді және үш өлшемді геометриялық фигуralарды жасай білу, фигуralардың тендігін симметриялығын және тағы басқа қарапайым касиеттерін анықтау үшін жеңіл геометриялық эксперименттер жасай білу.

1–4-сыныптарға арналған «Математика» пәнінің мазмұнында геометрия элементтері, яғни геометриялық фигуralар және олардың класификациясы (нүкте, тұзу, қисық сзызық, түйікталған және түйікталмаған сзызық, кесінді, сөуле, бұрыш, тіктөртбұрыш, шаршы, шеңбер мен дөңгелек, центр, радиус, диаметр, симметриялы және симметриялы емес фигуralар, тікбұрышты үшбұрыш, куб, тікбұрышты параллелепипед және оның элементтері), геометриялық фигуralарды кескіндеу және салу, геометриялық фигуralардың қабыргаларын, периметрді табу, шаршы, тіктөртбұрыш аудандары, құрастырылған фигуralардың периметрін табу, тікбұрышты параллелепипедтің көлемін табу қамтылған.

*Екінші кезең – «Практикалық геометрия»* 5–6-сыныптарда математика курсында оқылады. Оның негізгі мақсаты – окушылардың кеңістік туралы түсініктерін түбебейлі қалыптастыру, планиметрия мен стереометрияның негізгі үғымдарымен таныстыру. Осы кезеңде окушылар тәжірибе мен эксперимент жәрдемімен практикалық әдістер арқылы негізгі геометриялық деректерді (жазықтықтағы және кеңістікте геометриялық фигуralардың қасиеттерін) менгереді, оларды өмірде қолдана білуге үйренеді. Бұл кезеңдегі оқу іскерліктерінің түрі: өлшеу, салу, бейнелеу, тәжірибе және эксперимент, формула бойынша есептеу. Дайын формулалардың көмегімен сыйбасы бойынша окушылардың геометриялық денелердің көлемдерін таба білу біліктегі қалыптасады.

Мектеп геометриясының 1-ші, 2-ші кезеңдерін әдіснамалық жағынан гректерге дейінгі геометрияның даму кезеңімен сәйкес келетін біртұтас көрнекі – практикалық геометрия курсымен біріктіруге болады.

5–6-сыныптарға арналған «Математика» пәнінің мазмұнында геометрия курсының элементтері, яғни 5-сыныпта «Бұрыш. Көпбұрыш» тарауында «Бұрыш. Бұрыштың шамасы. Бұрышты салу және өлшеу. Транспортир. Бұрыштарды салыстыру. Көпбұрыш. Көпбұрыштың қабыргалары мен бұрыштарын өлшеу, периметрін табу» тақырыптарын және «Кеңістік фигуralарының жазбалары» тарауында «Тік бұрышты параллелепипед (текше). Тік бұрышты параллелепипедтің (текшениң) жазбасы. Фигураларды киоға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер» тақырыптары қамтылған. 6-сыныпта «Координаталық жазықтық» тарауында «Жазықтық.

Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер мен кесінділер. Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі. Центрлік симметрия. Осылік симметрия» тақырыптарын және «Кеңістіктегі фигуralар» тарауында «Фигуралардың кеңістікте орналасуы. Кеңістік фигуralарын кескіндеу, «көрінбейтін» сыйыктар. Вектор ұғымы» тақырыптары қамтылған.

*Үйінші кезең* – «Геометрияның жүйелі курсы» негізгі мектептеге басталып, жоғары сыныптарда жалғасын табатын планиметрия және стереометрия бөлімдерінен тұратын біртұтас геометрия курсында оқылады. Бұл кезеңдегі қарастырылатын негізгі мәселе қозғалыс және ұқсастық сияқты геометриялық түрлendірулер, векторлық-координаталық әдіс.

7–9-сыныптардағы геометрия курсын оку барысында оқушылардың бойында жазықтағы геометриялық фигуralар туралы білімдері қалыптасып, терендептіледі және жүйеленеді; есептеуге, дәлелдеуге және салуга арналған геометриялық есептерді шешу біліктігі мен дағдылары қалыптасады және дамиды; жазықтағы түрлendірулер арқылы алынған жазық фигуralардың бейнелерін салу біліктігі қалыптасады және дамиды; логикалық және бейнелік ойлауы дамиды.

10–11-сыныптардағы геометрия курсын оку барысында оқушылардың бойында кеңістіктік геометриялық фигуralардың қасиеттері туралы жүйелі білім қалыптасады; кеңістіктік фигуralардың кескіндерін және осы кескіндерде қосымша салуларды салу біліктігі мен дағдылары дамиды; сызбалардағы кескіндері бойынша жазық және кеңістіктік геометриялық фигуralарды танып білу біліктігі мен дағдылары дамиды; кеңістіктік фигуralардың симметриялары туралы тұрақты түсініктеп қалыптасады; геометриялық шамаларды (екіжақты бұрыштарды, беттін ауданын, геометриялық деңгейнің көлемін) өлишеу туралы білім жүйесі қалыптасады; есептерді шешуде геометриялық әдістерді колдану біліктігі мен дағдылары қалыптасады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Геометрия» пәнін оқыту маңызды болып табылады, себебі оны оқып-үйрену барысында математиканың практикалық маңыздылығы, оқушының логикалық және кеңістіктік ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік жасалады.

Практикалық мазмұнды мысалдар мен есептерді қарастыру оқушылардың геометриялық формалар мен қоршаған әлемдегі қатынастарды айыра білу және оларды геометрия тілімен суреттей білу біліктігін дамытады.

Оқушы 12–13 жасында, 7-сыныптан бастап қана геометрияны жүйелі оқуды бастайды. Геометрия пәнінің бастауыш сыныптарда дұрыс үйымдастырмалуы әдістемелік деңгейде оқылмауынан оқушының тек математикалық білім алу деңгейі ғана төмөнделеп қоймайды екен, сонымен қатар оның эмоциялық және

ойлау дағдылары дамытылмай қалады. Арадағы 5–6 жылғы үзілістен кейін әрине баланың қызығушылығы жоғалады, геометрия – түсініксіз, киын пән болып шыға келеді [16, 17].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, геометрияның жүйелі курсына дейін «Көрнекі геометрия» және «Практикалық геометрия» курстары пәннің мазмұнына сәйкес тиісті әдістемелік деңгейде оқытылып, оның негізінде оқушының әртүрлі геометриялық объектілермен байланысты нақты практикалық іс-әрекеті жатуы тиіс. Онда теоремалар мен күрделі талқылаулар болмауы керек. Оқу жүктемесі оқушыға ауырлық келтірмей үшін біріншіден, оқулық мазмұны оқушының жас ерекшелігіне сәйкес жасалуы тиіс. Сабакқа ойын элементтерін көбірек қолдану керек. Екіншіден, пәннің мазмұнын арифметика, алгебра және жаратылыстану пәндерімен байланыстыра отырып женілдетуге көніл бөлу, яғни кейір арифметикалық есептерді геометриялық тілмен беруді және мәтінді есептерді геометриялық әдіспен шығаруға үйретуді жүзеге асыру керек.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендегі, геометриялық білім берудін мазмұнын құруда келесі мәселелерді ескергенде ғана білім берудін тиімділігі артатындығын көрсетті:

- 1) тарихи және логикалық принциптердің бірлігін (дәстүрлі-синтетикалық және қазіргі заман материалдарының сабактастығы);
- 2) жүйелі геометрия курсын құруда мазмұнды аксиомализациялауды жүзеге асыруды;
- 3) курсты құруда және оны қажетті есеп материалдарымен қамтамасыз етуде жиі қоладынылатын негізгі деген іргелі математикалық ұғымдарды, деректерді, әдістерді бөліп қарастырудың қажеттілігін;
- 4) жаттанды дәлелдемелерді «міндетті», таныстыру деңгейінде, тек өздері оқып үйрену үшін» деп бөліп, олардың санын қысқартса отырып уақытты үнемдеу және оқытуудың дамыта, саралап оқыту принциптерінің рөлін қүштейтудің қажеттілігін;
- 5) сабактас оқу пәндерінің қажеттілігін;
- 6) геометрияның жүйелі курсын құрғанда жоғарыда келтірілген бағыттарды біріктіріп негізге алууды;
- 7) жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттардың мазмұнын құрғанда олардың келесі аспектілер бойынша айырмашылығын ескеруді:
  - оқу материалдарының көлемі бойынша;
  - оқу жүйесінің әртүрлі деңгейінде тақырыптарды оқыту мақсаттары және геометрияға оқыту талаптары бойынша;

- нақты тақырыптарды оқытудың әдістемелік ерекшеліктері бойынша (мысалы, геометриялық материалды баянауда логикалық қатаандықты сақтау, оқып үйренетін материалдың қолданбалы деңгейін ашып көрсете т.с.с.);
- окушылардың білімдеріне, белгітеріне, дағдылары мен құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар бойынша;
- теориялық материалдарды пысықтау жұмыстарының кейбір ерекшеліктері бойынша (есептеуге, салуга дәлелдеуге, зерттеуге арналған есептерді және практикалық мазмұнды есептерді ұсыну) және т.с.с.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Глейзер, Г. Д. Каким быть школьному курсу геометрии // Журнал «Математика в школе». – № 4. – 1991.
- 2 Киселев, А. П. Элементарная геометрия : Книга для учителя. Изд. 15-е. – М. : Ленанд, 2016. – 288 с.
- 3 Бескин, Н. М. Методика геометрии : Учебник для педагогических вузов. – М. : Учпедгиз, 1947. – 278 с.
- 4 Брадис, В. М. Методика преподавания математики в средней школе. – М. : Учпедгиз, 1954. – 505 с.
- 5 Ляпин, С. Е., Гастева, С. А., Квасникова, З. Я. Методика преподавания математики. Ч. 2. – Ленинград, 1956. – 336 с.
- 6 Александров, А. Д. О геометрии // Математика в школе. – 1980. – № 3. – С. 56–62.
- 7 Шарыгин, И. Ф. К 70-летию со дня рождения // Сост. А. А. Заславский, В. Ю. Протасов, Д. И. Шарыгин. – М. : МЦНМО, 2007. – 304 с.
- 8 Гусев, В. А. Методика обучения геометрии. – М. : Издательский центр «Академия», 2004. – 368 с.
- 9 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысымен бекітілген.
- 10 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттары // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген.
- 11 Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Математика» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен бекітілген.
- 12 Негізгі орта білім беру деңгейінің 7–9-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен бекітілген.

13 Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 190 бұйрығымен бекітілген.

14 Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Геометрия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «27» шілдедегі № 190 бұйрығымен бекітілген.

15 Әбілқасымова, А. Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. – Алматы : Мектеп, 2014. – 224 б.

16 Гусев, В. А. О новом для средней школы в курсе геометрии // Алмудын 70-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 1-бөлім. – Алматы, 1998. – 5 б.

17 Смирнов, В. А., Смирнова, И. М. О новой концепции обучения геометрии в школе // Материалы Межд.науч.-прак. конф. «Проблемы совершенствования обучения математике, физике и информатике». – Алматы : КазНПУ имени Абая, 2014. – С.9-12.

Материал 22.05.20 баспаға түсті.

A. E. Абылқасымова<sup>1</sup>, A. K. Ардабаева<sup>2</sup>

**О некоторых аспектах содержания геометрического образования в средней школе**

<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050010, Республика Казахстан.  
Материал поступил в редакцию 22.05.20.

A. E. Abylkassymova<sup>1</sup>, A. K. Arabayeva<sup>2</sup>

**On some aspects of the content of geometric education in high school**

<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan.

Material received on 22.05.20.

*Современные условия ставят перед школьным образованием новые задачи, в частности, перед геометрическим образованием, которое должно предоставлять каждомуучающемуся возможность достижения необходимого уровня геометрических знаний. В этой*

связи содержание геометрического образования в школах должно быть нацелено на реализацию принципа непрерывности изучения курса геометрии, то есть представление связанными друг с другом разделами математики с начальной школы до старшей школы, в том числе в интеграции со смежными дисциплинами, что значительно улучшит качество знаний учащихся по геометрии.

В статье рассмотрены роль и место геометрического образования в средней школе. Также представлены содержательно-методические линии курса геометрии обновленного содержания.

*Modern conditions set new challenges for school education, in particular, for geometric education, which gives each student the opportunity to achieve the necessary level of geometric knowledge. In this regard, the content of geometric education in schools should be aimed at implementing the principle of continuity of teaching the course of Geometry, that is, it should be proposed to integrate mathematics with related parts from primary school to higher school, including related academic disciplines, which will significantly improve the quality of students' knowledge of Geometry.*

*The article considers the role and place of geometric education in secondary schools. There are also content and methodological networks of geometry courses in the updated content of secondary education.*

FTAMP 14.07.09

**Н. Т. Аблайханова<sup>1</sup>, Д. Д. Есимова<sup>2</sup>, А. Қ. Сайдахметова<sup>3</sup>,  
А. М. Мухитдинов<sup>4</sup>, А. Есенбекова<sup>5</sup>, Б. Үсіпбек<sup>6</sup>**

<sup>1</sup>б.ф.к., доцент, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы к., 050056, Қазақстан Республикасы;

<sup>2</sup>п.ф.к., Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар к., 140015, Қазақстан Республикасы;

<sup>3</sup>б.ф.м., оқытушы, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы к., 050056, Қазақстан Республикасы;

<sup>4</sup>Ә.ғ.м., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы к., 050056, Қазақстан Республикасы;

<sup>5</sup>PhD студенті, 1 курс, оқытушы, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы к., 050056, Қазақстан Республикасы;

<sup>6</sup>PhD студенті, 1 курс, оқытушы, Биология және биотехнология факультеті, әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті, Алматы к., 050056, Қазақстан Республикасы;

e-mail: <sup>1</sup>nurzhanat75@mail.ru

## **БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ МЕНГЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУЙЕСІ**

Мақала заманауи кезеңдегі мектептің білім беру саясатындағы басты мақсат – білім беру сапасын оның фундаменталын сақтай отырып, түлгә мен қогамның озекті жөнне келешектегі даму қажеттіліктеріне сай қамтамасыз етүін қарастырады. Сонымен қатар оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын инновациялық технологиялардың түрлері мен оларды қолданудың тиімді жақтары көрсетілген. Мемлекет омірінде болып жеткізган заманауи үрдістер экономиканың инновациялық тұргыда даму талаптарына, қогам мен әрбір азаматтың қажеттіліктеріне сойкес сапалы білім алудағы қол жетімділіктің артуын қамтамасызыз ететін білім беру моделін жүзеге асыруға және қалыптастыруға деген қажеттіліктердің туындауына, білім беру мазмұнындағы жаңа тәсілдердің анықтауына алып келді. Заманауи білім берудің

*инновациялық технологияларын қолдану заманауи мектеп оқушысын оқытудың, оның интеллектуалды, шыгармашылық, адамгершілік тұргысынан дамуының міндетті шартты.*

*Кілтті сөздер: инновация, Блум таксономиясы, сын тұргысынан ойлау, жоба бойынша оқыту, мультимедиялық дәріс.*

### KIPICPE

Заманауи қоғамда білім беруді реформалаудағы жаңа жолдарды іздеңстірудің өзектілігі айтарлықтай өсті. Бүтінгі таңдағы мектеп оқушы талабына, оның дербестігіне қарай бет бұрып, дамуга қажетті жақсы жағдайларды жасауда және қазіргі таңда, келешекте оның ікемділігі мен қабілеттілігін максималды деңгейде жүзеге асыруға әрекеттенуде. Мұғалімдер оку үрдісін құрылымды етуге біршама онтайлы болатын оқу әдістері мен технологияларын іріктең алу мүмкіншілігіне кол жеткізді [1].

Инновациялық педагогикалық технологиялардың алуан түрлі бағыттарының ішінде, қойылған мақсаттарына сәйкес және біршама өмбебап технологиялардың қатарына Блум таксономиясы, сын тұргыдан ойлау, коучинг, модерация, жобалық оқыту технологиясы, АҚТ, ойын технологиясы, модульдік оқыту, проблемалық оқыту технологияларын жатқызуымызға болады [2].

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

*Блум таксономиясы.* Қазіргі таңда оқышыға дайын ақпарат көзін ұсынудың орнына, сол ақпаратты іздеңстіруді, ой елегінен өткізіп, колданудың әдістерін менгерту, оқушының одан әрі дамуына қажетті ақпаратты іздең, талдау және дамыту қабілеттіліктерін жетілдіре түседі. Заманауи биология сабакында әрбір оқушының даму траекториясын бакылап, қадағалауға мүмкін беретін Блум таксономиясын қолдану – осындай мәселенің тантрымас шешіміне айналып отыр. Блум оқыту мақсатының келесідей деңгейлерін біліп шығарады: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау (Сурет 1).



Сурет 1 – Блум таксономиясының деңгейлері

Әрбір кезең оқытудың әр түрлі мақсатының иерархиялық реттілігін айқындаиды. Алайда, Блум таксономиясын ұғыну күрделі де мүқият зерттеу жұмыстарын талап етсе, ал оны педагогикалық тәжірибеде іске асыру – арнайы дайындықты қажет етеді. Дегенмен, бұл күрделі жүйені биологияны оқытудағы стратегиялардың үйлесімі негізінде ете табысты да сәтті жүзеге асыруға болады. Бұндай оку жүйесімен жасау мұғалім мен оқушылар арасында ынтымақтастық және өзара бірлестік атмосферасын тудыруға, өзін-өзі бақылау мен бағалауды үйретуге, оқушының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға, білім алу жолдарын менгеруге, білімін жинақтау, корытынды жасауға, логикалық ойлау қабілеттің жетілдіре түсуге, эмоционалдық жағдайына әсер етуге мүмкіндік береді [3].

*Сыни тұргыдан ойлау технологиясының дамуы.* Сыни тұргыдан ойлау технологиясы оқушылардың ақыл-ой белсенділігін ынталандырып, білім алушылардың мәліметті анық түсінүне тұртқи болатын, ізденуге деген құмарлығына әсер етуші оқыту технологияларының бірі. Сыни тұргыдан ойлау технологиясы ақпаратты қабылдауға, түсінуге, таратуға негізделеді, сол себептен өмбебап технологияға жатқыза аламыз. Ақпаратты қабылдау сабактың деңгейлеріне сәйкес келесі үш кезеңнен тұрады (Сурет 2) [4–6].



Сурет 2 – Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының кезендері

Биологияны оқыту барысында іске асрылатын сынни тұрғыдан ойлау технологиясының, оның әдістерінің дамуы, оқушылардың пәнге деген қызыгушылықтарын арттырып, коммуникативті қабілеттіліктерінің дамуына себепкер болады.

*Жоба бойынша оқыту технологиясы.* Жобалық және зерттеуашілік қызметті оку үрдісінде маңызды орынға ие. Бұған себеп оның дербес ойлауға қабілетті, алған білімнің қолдана алатын, мәселені шешуде жан-жакты жолдарды іздене алатын тәуелсіз шығармашылық тұлғаны дамытуға себепкер болуы. Биология бойынша сабак беруде жобалық технологияны оқытудың максаты мен міндеттіне байланысты қолданылады (Сурет 3). Жобалар әр түрлі болуы мүмкін: ақпараттық, зерттеуашілік, шығармашылық, конструктивті.



Сурет 3 – Мектеп тәжірибесінде жоба әдісін қолданудың негізгі талаптары

Оқу үрдісіне жобалық қызметті енгізгеннен кейін белгілі бір бірізділіктің болуы маңызды, сондықтан оқушыларды жоба бойынша жұмыстырының орындауды біртіндең түсіндіреміз (Сурет 4). Бірінші кезең – жоба тақырыбын тандау. Кей жағдайларда тақырып белгілі бір жоба аясында құрылса, кей жағдайларда оқытушының оқу жағдайларының есебінен қойылуы мүмкін. Ең бастысы жұмыстың оқушының қызыгушылықтарына, жастық және тұлғалық, интеллектуалдық мүмкіншіліктеріне сай келуі керек. Екінші кезең – қойылған міндеттерге сәйкес берілген жобаның орындалуы. Бұл жерде оқушылардың бойында болжамдар жасау, табиғи объектілерге тәжірибелер жүргізу, алынған мәліметтерді жүйелеу және жалпылау, әр түрлі ақпарат көздерінен жинақталған ақпаратты талдау, биологиялық үрдістерді зерттеу қабілеттіліктері дамиды [7].



Сурет 4 – Жоба өдісі бойынша жобамен жұмыс істеудің кезеңдері

**Жұмысты қорытындылау.** Жобаның презентациясы. Бұл кезеңнің нақты мақсаты бар: нәтижені көрсету, мәселені белгілеу, оны шешудің жолдары, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл өз алдына оқушылардың мәдени коммуникацияны менгеруді дамытуға жәрдемдеседі. Биологияда айтарлықтай жиі қолданылатын жобалардың презентациясына: мультимедиялық презентация, ғылыми конференция, ақпараттық плакат, вертуалды саяхат және т.б.

Осылан орай, оқушылар қандай да бір мүшениң қалыпты қызметтінің бұзылу профилактикасына жан-жақты тоқталып, өзіне қажетті тұжырым жасай алады. Қойылған міндеттерді орындау үшін, оқушылар әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын игереді, өзіндік көзқарасының дұрыстығын сактап қалуға тырысады [8].

Жобалық өдісті орындау мүмкіндік береді:

- негізгі білімдер мен дағдыларды қалыптастыру жүйесі және оларды әрі қарай толықтыру мен жетілдіру;
- жобамен жұмыс жасауга қажетті жана білімдерді менгеру кезіндегі қажеттілік мен ынтасының тұрақтануы;
- оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсенділігі, әсіреле жобалық-компьютерлік зерттеулерді орындау кезінде;

– өзіндік көзқарасына сәйкес жобалық тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін шығармашылық қабілеттіліктердің дамуы;

– жана білімдерді алу кезінде ықыласын тәрбиелеу және оларды қолдану өрсін кеңейту;

– оқушылардың өз білімдерін сәтті қолдануы.

**Мультимедиялық дәріс.** Мультимедиялық дәріс техникалық түрғыда компьютерлік сыйнапта әрбір оқушының жеке компьютер алдында немесе топтың екі оқушының компьютер алдында, ал мультимедиялық проекционды жүйелерді қолдану кезінде – барлық сыйнаптың жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырыла алады. Бұл виртуалды ақпаратты ортаға толыққанды сіңіп және барлық тапсырмаларды орындауға қажетті [9]. Мультимедиялық дәрістер толыктай автоматтандырылуы мүмкін және алдын ала жазылып қойған дикторлық текстпен қатар жүреді немесе мұғалімнің сөздерімен жүруі де мүмкін. Мультимедиялық бағдарламалар дәрістің мазмұнын аштын, оқушыларға тапсырмаларды анықтайтын, олардың іс – әрекеттеріне баға беретін және т.б. тізбекті кадрларды қамтиды. Оқушылар мұғалімнің басқаруымен немесе бағдарламаның өзі автоматты түрде кадрларды ауыстырып отырады. Әрбір кадрдың ұзақтығы 1–2 минуттан, ал бейнекөрсетілімде 5 минуттан көп болмады [10]. Бастанкы кадрда дәрістің тақырыбы, оның міндеттері, жоспары және дәлтерге орындауға қажетті тапсырмалар орналасады. Мұғалім тапсырманы түсіндіреді, оның орындалуын бақылап отырады. Екінші кадрда оку бағдарламасының ақпараты: үғымдарды анықтау, нақты мәліметтер орналасады. Осы уақытта оқушыларға дәріс тақырыбы бойынша материалды көрсететін (айтарлық, ғаламшардағы тіршіліктің алушантүрлілігі), диктордың түсіндіруімен жүретін бейнекөрсетілім басталады. Бейнекөрсетілімнен кейін жана кадр шығады және мұғалім оның мазмұнын түсіндіреді. Осылайша, кадрлардың көрсетілім арқылы мұғалім дәрістің мазмұнын ашады. Соғыс кадрда мұғалім еткен материалды жалпылап бекітеді. Кейіннен экранда дәріс сабағының негізгі түсініктері мен үй тапсырмасы қамтылған кадр шығады. Бұдан соң оқушыларға кадрлармен жазбаша (автоматтық емес) жұмыс істеуге 10 мин көлемінде уақыт беріледі. Әрбір оқушы барлық кадрлардың тізбегін өздігінен қарап шығады, тапсырмаларды орындаиды, дәріс кезінде мазмұнын түсінбей қалған кадрларды зор ынталан қарап шығады және біршама түсініксіз күрделі кадрларды іріктең алады. Берілген уақыт аяқталған соң әрбір оқушының экранында оқушыға біршама қыын мазмұнды кадрлар шығады (әдетте, бір дәрісте 1–3 болады), мұғалім түсініктеме береді [11–12]. Қалған уақытта оқушылар дәрістің басында берілген тапсырмалардың шығарылуын талқылайды.

Мектепте 10–11 сыйнаптарда жалпы биологияны оқытудың мультимедиялық өдістері айтарлықтай жағымды нәтижелерді көрсетті:

- тұлға ерекшеліктерінә қарай окушыларды оқытуды жекешелендіруге;
- өз алдына оқышуға объектіні мүқият бақылауға, басқаруға, жақындастып немесе жойып, жан – жағынан бүрмалауға және т.б. мүмкінді береді. Бұл кадрларды қорсетудің білім берудегі тиімділігін жоғарылатады;
- мектеп дәрісін тиімді үйымдастыруға септігін тигізеді;
- мұғалімнің тапсырма барысында окушыларға жеке көмектесуге мүмкіндігі туады;

Сонымен қатар мектептерде мультимедиялық құрал-жабдықтармен оқытудың біршама кемшіліктері анықталған:

- мультимедиялық дәріс өткізу үшін көп компьютерлердің (екі окушыға бір компьютерден кем емес) немесе қымбат құрал – жабдықтың (бейпроектор) қажеттігі туындаиды;

– мультимедиялық материалдар библиотекасының (медиатека) болмаған жағдайында бүндай сабакты жүргізу үшін мұғалім дәстүрлі дәріске қараганда айтарлықтай көп уақыт жұмысады.

Мысалы, жалпы биология курсындағы «Органың факторы» тақырыбында окушылардың алған тапсырмасы: «Әртүрлі экологиялық топтардағы өсімдіктерге қажетті оңтайлы жарық деңгейін анықтау». Мультимедиялық бағдарлама зерттеудегі отырғызылған түрдің тәжірибелік ауданы аймағында (улкеюі 0 – ден 10 000 люкс ауданның шетінен орталыққа қарай) әртүрлі жарық деңгейінің табиги жағдайларын модельдеуге және уақыттың масштабын: 1 с = 1 сағ, 1 с = 1 тәулік немесе 1 с – 1 ай) анықтай алатын «уақыт көлігі» арқылы болып жатқан өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді. Тәжірибелік ауданда берілген жарық жағдайынан басқаның барлығы табиги жағдайларға сай. Окушылар осы тапсырманы орындаі отырып, өсімдікті экранның әртүрлі жарық деңгейі жағдайларында орналастырады, тездептік экранда өсімдіктің тіршілігіне берілген фактордың оңтайлылығын анықтайдын әртүрлі жағдайдарғы фотосинтездің өнімділігі, тыныс алудың белсенделілігі, булануы жайлы маглұматтар қорсетіледі. Бұл жұмыс әртүрлі экологиялық топтардың өкілдеріне жүргізіледі. Содан соң мұғалімнің басқаруымен қорытындылар жасалынады.

Әртүрлі экологиялық топтардағы өсімдіктерге жарықтың маңыздылығы жайлы тапсырмалар орындалған соң окушы экологиялық факторлардың кешенді өсері туралы түсініктерді дамытуға қажетті жаңа тапсырмалар алады: «Күн жарығы ұзақтығының өзгеруі барысында қылқанжапырақты және жалпақжапырақты ағаштарда қандай өзгерістер болатындығын анықтау». Сызба нұсқа таңдал алынған өсімдікті тәжірибелік ауданға орналастыруға және күн жарығы ұзындығының (5-тен 22 сағ) өзгерістеріне сай табиги жағдайлардың үлгісін келтіруге мүмкіндік береді. Окушылар физиологиялық үдерістердің өзгерісін бақылап отырды (шырынның қозғалуын, бүршіктердің

дамуы, өсімдіктердің вегетативті және генеративті мүшелерінің пайда болуы). Тәжірибелінің аяқталуымен окушылар сауалдарға жауап берді, айтарлық: төменде қорсетілген құбылыстарға өсер етуші факторлар қандай? (жапырактың түсі, қылқанжапырақтардың түсі, органикалық заттар қозғалысының басталуы, жапырақтардың пайда болуы). Осылайша, сызба – нұсқа көмегімен окушылар температура мен ылғалдылықтың өсерін анықтай алады. Берілген сызба – нұсқалар жұмысынан соң (уақыт болған жағдайда) окушылар экологиялық жүйелердің қызмет етуіне жеке тәжірибе жасай алады. Модельденген экожүйеде (орман немесе тоған) тірі жүйеге қоршаған орта факторларының кешенді жанама немесе тікелей өсерлердің заңдылықтарын анықтау мәселе менда бірнеше экологиялық факторларды өзгертуге болады.

Әсіресе, окушылар «Орман – адамның байлығы» тақырыбындағы мультимедиялық саяхатқа құзығушылықтарын танытып отыр. Қорсетілген тақырыптан кейінгі келесі кадр табиғаттағы міnez – құлықтың ережесін көрсетті. Одан кейінгі кадрлар орманмен, оның жеке бөліктерімен, деңгейлерімен, тұрғындарымен және т.б. таныстырып отті. Әрі қарай қорсетілім құстардың дауысымен, ағаштардың түсімен жалғасын тапты. Кадрларды ауыстыра отырып, окушылар табиги ортада объектіге көшу арқылы орманға саяхат жасағандай болады. Мультимедиялық әдіспен жасалған виртуалды табиги орта «қатынасу» сезімін тудырады. Сондықтан табиги объектен танысрудың мұндай түрін виртуалды саяхат деп атауға болады.

Қарапайым бейнефильмді қорсетуден виртуалды саяхат, оның интерактивтілігімен, яғни, жасалған ортада (модель) окушының өзіне дербес өрекет етуге мүмкіндік береді. Интерактивті бейнекөрсетілім қарапайымнан өрекшелігі, оны кез келген секундта тоқтатуға және тапсырмаларды орындауға қажетті анықтамалық ақпарат алуға болады. Окушылар, курсорды басқару арқылы әртүрлі объектілерді жақындастып, бүрмалай, илугіп немесе көзін көтере алады, оның өрекеттеріне сәйкес, экрандағы сурет өзгеріске ұшырайды. Бағдарлама орындалған тапсырмаларды бағалайды және үй тапсырмасын береді. Егер окушы тапсырмаларды орындағысы немесе орындаі алмаса, ол окушының көмегінде дейін барлық іс – өрекетті басқаруды қарастырады.

Толыққанды виртуалды шынайылықты қалыптастыру қымбат мультимедиялық құрал – жабдықтарды қолдануды қажетсінеді, бірақ қолдағы бар компьютерлік мүмкіндіктермен шектелуге болады. Әрине, виртуалды саяхаттан соң табигатқа шынайы саяхат (орман, саябақ немесе мектеп маңы ауласында) жүргізу керек [13–14].

Осылайша, әртүрлі сипаттағы биологиялық тапсырмалар білімгерлердің білімге деген қызығушылықтарын арттырып, жағымды эмоционалды жағдайлар тудыратады. Оқытудың жана технологияларын қолдану білім алушылардың

ойлау іс-әрекетінің жүзеге асуына, логикалық ойлауының дамуына, танымдық іс-әрекетке және соның нәтижесінде биология пәніне деген танымдық қызығушылығын арттырады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

ХХ ғасырдың басында Жұсілбек Аймаутов: «Сабак беру – үйренішкіті жайғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаңы табатын өнер» деген екен. Соңықтан, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы [15]. заманауи технологияларды оқу үрдісінде қолдану, білім алушылардың зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Сонымен қатар жеке тұлғаның өз бетінше әрекет етуге деген құлышының, қызығушылығын оятып, танымдық белсенділігін арттырады.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

**1 Никишина, И. В.** Инновационные педагогические технологии и организация учебно-воспитательного и методического процессов в школе: использование интерактивных форм и методов в процессе обучения учащихся и педагогов. 2-е изд., стереотип. - Волгоград: Учитель, 2014. - С. 120–134.

**2 Куанжанова, Қ. Т.** Оқытушылардың іс-әрекетіндегі тұлғалық-кәсіби қасиеттердің ролі // ХАБАРШЫ. «Психология» сериясы. – Алматы : Абай атындағы Қаз ҮПУ : «Ұлағат», 2014. – № 4(41) – Б. 29–37.

**3 Бухаркина, М. Ю., Моисеева, М. В., Полат, Е. С.** Новые педагогические и информационные технологии в системе образования (учебное пособие для студентов высших учебных заведений) изд. 5-е. – М. : Академия, 2010. – 140 с.

**4 Чупаха, И. В., Пужаева, Е. З., Соколова, И. Ю.** Здоровьесберегающие технологии в образовательно-воспитательном процессе (научно-практический сб.инновац. опыта). – М. : Илекса; Ставрополь : Сервисшкола, 2013.– 400 с.

**5 Рыжова, В. Н.** Применение технологии модерации для повышения мотивации обучения // Проблемы и перспективы развития образования: материалы VII междунар. науч. конф. (Краснодар, сент. 2015 г.). – Краснодар, 2015. – С. 93–95.

**6 Джуринский, А. Н.** История образования и педагогической мысли // Саратов : Вузовское образование, 2017. – 356 с.

**7 Ходанович, А. И.** Инновационные аспекты современных образовательных технологий // Молодой ученый. Актуальные задачи педагогики. Часть I. – М. : Буки-Веди, 2017. – 210 с.

**8 Арсланова, Г. М., Шамилова, Л. Х.** Использование метода проектов в современном образовательном пространстве. – Челябинск : ЧИППКРО, 2013. – 285 с.

**9 Рублёва, О. В.** Применение технологии личностно-ориентированного обучения на уроках биологии как инструмента личностного роста обучающихся // Новые образовательные технологии. Том II. – Чебоксары : ЦДИП «INet», 2012. – 343 с.

**10 Бутерус, А. И.** Применение информационно-коммуникационных технологий в процессе обучения биологии в школе // Новые образовательные технологии. Том II. гл. ред. Романова И.В. – Чебоксары : ЦДИП «INet», 2012. – С. 74–80.

**11 Тарыма, А. К.** Требования к структуре и содержанию ИКТ-компетентности будущих учителей тувинского языка // Научные труды Тувинского государственного университета. Выпуск X. Т. II. – Кызыл : РИО ТывГУ, 2012. – 171 с.

**12 Fagerstam, E., Blom, J.** Learning biology and mathematics outdoors: Effects and attitudes in a Swedish high school context // J. Adventure Educ. Outdoor Learn. – 2013. – № 13. – Р. 56–75.

**13 Kristiansen, J. G.** Profesjonelle dialoger. Coaching og relasjons kompetanse i skolen (Профессиональные диалоги - Коучинг и построение отношений в школе). – Universitetsforlaget, 2008. – 182 р.

**14 Kristiansen, J. G.** Coaching i skolen – personlig veiledning (Коучинг в школах – личный гид). – Pedlex, 2005. – 60 р.

**15 Асылбекова, М.** Окушылардың танымдық қабілетін дамыту // 12 жылдық білім беру = 12-летнее образование. – 2010. – № 11. – Б. 55–58.

Материал 22.05.20 баспаға түсті.

Н. Т. Аблайханова<sup>1</sup>, Д. Д. Есимова<sup>2</sup>, А. К. Сайдахметова<sup>3</sup>, А. М. Мухитдинов<sup>4</sup>, А. Есенбекова<sup>5</sup>, Б. Үсінбек<sup>6</sup>

**Система инновационных технологий в освоении дидактических материалов на уроках биологии**

<sup>1,3,4,5,6</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы к., 050056, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова, г. Павлодар, 140015, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 22.05.20.

N. T. Ablaikhanova<sup>1</sup>, D. D. Yesimova<sup>2</sup>, A. K. Saydakhmetova<sup>3</sup>, A. M. Mukhitdinov<sup>4</sup>,  
A. Esenbekova<sup>5</sup>, B. Ysipbek<sup>6</sup>

## System of innovative technologies in the development of didactic materials in Biology lessons

<sup>1,3,4,5,6</sup>Faculty of Biology and Biotechnology,  
Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, 050056, Republic of Kazakhstan;

<sup>2</sup>S. Toraighyrov Pavlodar State University,  
Pavlodar, 140015, Republic of Kazakhstan.

Material received on 22.05.20.

*Статья предусматривает, что основная цель образовательной политики школы на современном этапе – обеспечение качества образования в соответствии с потребностями актуального и перспективного развития личности и общества, сохраняя его фундаментальную основу. Также показаны виды инновационных технологий, которые развивают познавательную активность студентов и преимущества их использования. Современные тенденции, происходящие в жизни государства, привели к возникновению потребности в формировании и реализации образовательной модели, обеспечивающей рост доступности качественного образования в соответствии с требованиями инновационного развития экономики, потребностями общества и каждого гражданина, определению новых подходов в содержании образования. Применение инновационных технологий современного образования – обязательное условие обучения современного школьника, его интеллектуального, творческого, нравственного развития.*

*The article provides that the main goal of the educational policy of the school at the present stage is to ensure the quality of education in accordance with the needs of the current and future development of the individual and society, while maintaining its fundamental basis. Also shown are the types of innovative technologies that develop the cognitive activity of students and the advantages of their use. Modern trends in the life of the state have led to the need for the formation and implementation of an educational model that ensures the availability of high-quality education in accordance with the requirements of innovative development of the economy, the needs of society and every citizen, and the definition of new approaches to the content of education. The use of*

*innovative technologies of modern education is a prerequisite for teaching a modern student, his intellectual, creative, moral development.*

ГРНТИ 14.35.07

## K. Ж. Ағанина<sup>1</sup>, А. В. Рахымбердиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, Факультет педагогики и психологии, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050010, Республика Казахстан;

<sup>2</sup>докторант, Факультет педагогики и психологии, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, 050010, Республика Казахстан

e-mail: <sup>1</sup>aganinak@mail.ru; <sup>2</sup>www.ainurka.ru@mail.ru

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОНЯТИЯ «МЕНЕДЖЕР ОБРАЗОВАНИЯ»

*В данной статье рассмотрена актуальность проблемы подготовки менеджеров образования в нашей стране. Дифференцированы исследования ученых и дан теоретический анализ феномена «менеджер образования». Приводятся результаты анализа изучения психологопедагогической литературы в нашей стране. Отмечается, что есть еще много вопросов для исследования по проблемам подготовки менеджеров образования. Представлено описание экспериментальной образовательной программы «Менеджмент в образовании», в рамках специальности магистратуры 6M010300 – Педагогика и психология, которая реализуется в данное время на кафедре Педагогики и психологии в Казахском Национальном педагогическом университете имени Абая. В содержании статьи представлен контент-анализ понятия «менеджер образования» и предпринята попытка систематизировать теоретический материал для обобщения и формулировки определения данного понятия.*

*Ключевые слова:* менеджер образования, педагог, профессиональная подготовка менеджера образования.

### ВВЕДЕНИЕ

Изменения, инновационные процессы, происходящие сегодня в обществе во всех сферах деятельности, в том числе и в сфере образования, с каждым

днем предъявляют новые требования к объектам и субъектам образовательного процесса. В этой связи хотелось бы отметить все более возрастающую важность и высокую степень ответственности руководящих кадров. Касательно сферы образования, существуют определенные должности, установленные нормативными документами, соответственно, ректор, проректор, декан факультета, заведующий кафедрой, директор школы, заместители директора, заведующий детским садом и многие другие.

Значимость подготовки и переподготовки руководящих кадров отмечена в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 гг. Компетентными специалистами указана необходимость формирования кадрового резерва управленцев из числа лидеров в своей области, а также внедрение оценки деятельности руководителей организаций образования по КРІ. Наряду с этим, актуальным является вопрос по организации сертифицированных курсов повышения квалификации по менеджменту для руководителей организаций образования [1].

## ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

На сегодняшний день в одном из основополагающих документов в сфере образования, в частности Законе «О статусе педагога», дано следующее определение: «педагог – лицо, которое имеет педагогическое или иное профессиональное образование по соответствующему профилю и осуществляет профессиональную деятельность педагога по обучению и воспитанию обучающихся и (или) воспитанников, методическому сопровождению или организации образовательной деятельности» [2].

В Приложении к приказу Председателя Правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» № 133 от 8 июня 2017 года «Профессиональный стандарт «Педагог», выделена отдельная карточка профессии «менеджер в образовании», соответствующая 7–8 уровням квалификаций согласно Отраслевой рамке квалификаций.

Сегодня с учетом требований Профессионального стандарта формируются образовательные программы, в том числе для обучения персонала организаций образования, сертификации работников и выпускников организаций образования [3].

В ходе изучения содержания Профессионального стандарта нами выявлена определенная закономерность, которая предполагает практически во всех карточках профессий связь с другими профессиями в рамках ОРК, именно с профессией «Менеджер в образовании». Данный факт позволяет утверждать, что все профессии, указанные в данном стандарте, так или иначе, осуществляют

